



Осакаров ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 10/86 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 18 қыркүйекте № 6481-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Осакаров аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Осакаров ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

К. Сақулаков

Осакаров аудандық
мәслихатының
2023 жылғы 15
қыркүйектегі
№ 10/86
Шешіміне қосымша

Осакаров ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)



Шартты белгілер:

1 елді мекендердің (кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жерлері;

2 ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері;

3 өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де, елді мекендерден тыс жерде орналасқан жерлері;

4 ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, орман қоры және су қоры жерлері, ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын, сонымен қатар жеке және заңды тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығынан басқа мақсаттар үшін пайдалануға арналған жерлері.